

Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізудің тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 қыркүйектегі N 1347 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 956 қаулысымен.

"Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.
P 0 1 0 8 0 0 _

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізудің тәртібі бекітілсін.

2. Жердің жай-күйі туралы, оның ішінде олардың химиялық және радиоактивті заттармен ластануы туралы, сондай-ақ карантиндік зиянкестермен және өсімдіктер ауруларымен зақымдануы туралы материалдарға ие министрліктер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, орталық атқарушы органдар жер, оның сапалық жай-күйі және пайдаланылуы туралы жыл сайынғы есеп берулерге және оларға қосымша баяндамаларға кіргізу үшін осы материалдардың көшірмелерін Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне ұсынсын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді- ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.
P 0 1 0 8 0 0 _

3. Топырақ және геоботаникалық зерттеулерді жүргізуде қайталауға жол бермеу, жер мониторингі деректерінің анықтығын қамтамасыз ету мақсатында:

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне топырақтық, топырақтық-тұздық, топырақтық-эрозиялық, топырақтық-агрохимиялық, топырақтық-геохимиялық, топырақтық-мелиорациялық, геоботаникалық зерттеулер мен тексерулердің бірыңғай мемлекеттік есебін жүргізу жүктелсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P 0 1 0 8 0 0 _

4

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P 0 1 0 8 0 0 _

5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясына, басқа да мүдделі мемлекеттік

органдарға Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне жер мониторингін ұйымдастыруда және жүргізуде ғылыми-әдістемелік және практикалық көмек көрсету ұсынылсын.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P010800_6. Мыналардың:

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын және жер мониторингін жүргізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 тамыздағы N 683 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 33, 498-құжат);

"Қазақстан Республикасының Жер мониторингі туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 979 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 40, 471-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 17 қыркүйектегі

N 1347 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізудің тәртібі

ЕСКЕРТУ. Тәртіп өзгерді- ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P010800_

I. Жалпы ережелер

1. Жер мониторингі - болып жатқан өзгерістерді уақытында анықтау, оларды бағалау, одан әрі дамуын болжау және жағымсыз процестерді болдырмау және оның зардаптарын жою мақсатында жүргізілетін, жер қорының сапалық және сандық жай-күйін базалық (бастапқы) жедел, мерзімді байқау жүйесін білдіреді.

2. Жер мониторингі - қоршаған табиғи ортаның жай-күйіне мониторингтің құрамдас бөлігі және онымен бір уақытта басқа да табиғи орталарға мониторинг жүргізуге арналған база болып табылады. Ол мемлекеттік жер кадастрын, жерге орналастыруды, жердің пайдаланылуына және қорғалуына бақылау жасауды және жер ресурстарын мемлекеттік басқару саласындағы өзге де функцияларды жүргізуді тиісті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

3. Жерге меншік нысандарына, оның мақсатты арналуына және жерді пайдаланудың сипатына қарамастан Қазақстан Республикасының барлық жері бойынша жер мониторингінің объектісі болып табылады.

4. Жер мониторингін жүргізу кезінде жердің жай-күйіне әсер ететін мынадай процестер:

эволюциялық (дамудың табиғи-тарихи және әлеуметтік-экономикалық процестерімен байланысты);

циклдық (табиғи сипаттың өзгеруінің тәуліктік, маусымдық, жылдық және өзге де уақыттық кезеңдерімен байланысты);

антропогендік (адамның қызметімен байланысты);

төтенше жағдайлар (авариялармен, апаттармен, табиғи және экологиялық зілзалалармен және басқаларымен байланысты) анықталады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді- ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

Р 0 1 0 8 0 0 _

5. Жер мониторингін жүргізуге арналған ақпараттардың көздері болып, жүйелі байқаудың, суреттердің, тексерулердің, түгендеудің нәтижелері, жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылау жасаудың материалдары, архивтік деректер, жерлердің сапалық жай-күйі туралы басқа да мәліметтер қызмет етеді.

6. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі жер мониторингінің нәтижелерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 маусымдағы N 710 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің тәртібіне сәйкес жер, оның сапалық жай-күйі және пайдаланылуы туралы есептің құрамында атқарушы органдарға береді.

7. Мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жер мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстар бюджеттік қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

8. Қазақстан Республикасы халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламаларға сәйкес жердің кең ауқымды мониторингі жөніндегі жұмыстарға қатыса алады.

Жер мониторингі жөніндегі мемлекетаралық және халықаралық бағдарламаларды қаржыландыру - Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттермен жасасқан келісімдерде және шарттарда айқындалған тәртіппен және талаптарда бюджетте көрсетілген мақсаттарға арнап көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді- ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

Р010800_

II. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен оның жергілікті жерлердегі органдарының функциялары

9. "Жер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жер мониторингін жүргізуді ұйымдастыру жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және оның жергілікті жерлердегі органдарына жүктеледі.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. Р 0 1 0 8 0 0 _

10. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі:

1) аэрофотоғарыштық, жобалау-зерттеу, жерге орналастыру, топографиялық-геодезиялық, картографиялық, топырақтық, геоботаникалық, бағалау жұмыстары мен жер мониторингін жүргізу үшін қажетті өзге де зерттеулер мен тексерулерді жүргізуді ұйымдастырады;

2) белгіленген тәртіппен өзінің құзыретінің шегінде:

барлық мемлекеттік органдар, басқа да заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылатын, жердің мониторингін жүргізу үшін қажетті әдістемелік нұсқаулар мен нұсқаулықтарды, құжаттардың нормативтері мен стандарттарын;

жердің жай-күйін байқау пункттерінің аумақтық-аймақтық желілерін әзірлейді және бекітеді;

3) жердің жай-күйін байқау пункттерінің аумақтық-аймақтық желілерінде, сондай-ақ жағымсыз процестерге ұшыраған аймақтарда жер мониторингін жүргізуді ұйымдастырады және үйлестіреді;

4) жер мониторингі деректерінің басқа табиғи орталар мониторингінің мәліметтерімен өзара үйлесуінің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) жер ресурстарын басқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар мен жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық атқарушы орган жүйесінің өндірістік бөлімшелерінің жер мониторингін жүргізуіне бақылауды жүзеге асырады;

6) жыл сайын, белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мемлекеттік басқару саласындағы мүдделі орталық атқарушы органдарға мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингі деректерінің негізінде жасалған Қазақстан Республикасындағы жерлер, олардың сапалық жай-күйі мен пайдаланылуы туралы жиынтық есеп ұсынады;

7) ірі табиғи кешендер, облыстар және тұтастай алғанда республика бойынша жерлердің жай-күйі туралы материалдарды іріктеуді, жүйелендіруді және қорытуды жүзеге асырады;

8) жер мониторингі деректерін алудың, өңдеудің және сақтаудың автоматтандырылған әдістеріне кезең-кезеңмен көшу жөніндегі жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз етеді;

9) республикалық деңгейде ақпараттарды жанартуды, сақтауды, қорғауды және оған кіру құқығын жүзеге асырады және қамтамасыз етеді;

10) көрсеткіштерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады .

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді- ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P 0 1 0 8 0 0 _

11. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың) жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттері:

1) мониторинг жүргізудің, сондай-ақ жердің жай-күйін байқау пункттерінің желілерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарына орналастырудың бағдарламасын әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің бекітуіне ұсынады ;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың деңгейінде базалық және мерзімді жер мониторингін жүзеге асырады;

3) жекелеген табиғи кешендер, аудандар, облыстар бойынша жер мониторингінің деректерін қорытады;

4) жыл сайын белгіленген мерзімде тиісті атқарушы орган мен Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингі деректерінің негізінде жасалған облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жері, олардың сапалық жай-күйі мен пайдаланылуы туралы есеп, ал айрықша қауіпті процестер анықталған кезде - жедел мәліметтер ұсынады ;

5) < * >

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді- ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P 0 1 0 8 0 0 _

1 2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P010800_

III. Жер мониторингінің құрылымы

13. Жер мониторингінің құрылымы жердің негізгі мақсатты арналуымен және аумақтық ауқымымен айқындалады .

14. Мониторинг жердің мақсаттық арналуының ерекшелігі ескеріле отырып жүргізіледі және жердің санаттарына сәйкес келетін ішкі жүйелерге:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің мониторингіне;
елді мекендердегі (қалалардағы, поселкелердегі және селолық елді мекендердегі) жердің мониторингіне;
өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жердің мониторингіне;
ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жердің, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жердің мониторингіне;
орман қоры жерінің мониторингіне;
су қоры жерінің мониторингіне;
запастағы жердің мониторингіне бөлінеді.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді- ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P 0 1 0 8 0 0 _

15. Аумақтық ауқымына қарай республикалық, аймақтық және жергілікті жерлердің мониторингі жүзеге асырылады:
республикалық - Қазақстан Республикасының барлық аумағын қамтиды;
аймақтық - физикалық-географиялық, әкімшілік, экономикалық және өзге де шекаралармен шектелген аумақтарды қамтиды;
жергілікті - жекелеген жер учаскелері мен ландшафтық-экологиялық кешендердің қарапайым құрылымдарына дейінгі аймақтық деңгейден төмен аумақтық объектілерде жүргізіледі.

IV. Жер мониторингін ұстау

16. Жер мониторингін ұстауды:
жер учаскелерінің, алқаптарының, егістік жерлердің жай-күйін;
топырақтың құнарлылығының өзгеруіне (шөлейттенуге, су және жер эрозияларының дамуына, гумус пен тамақтану элементтерінің болу серпініне, топырақ қойнауы реакциясының өзгеруіне, топырақ құрылымының бүлінуіне немесе жақсаруына, тұздануына, тұз басуына, батпаққа айналуына, артық сулануына және жерге су жайылуына немесе бұл факторларды жоюға), топырақтың пестицидтермен, ауыр металдармен, радионуклеидтермен және басқа улы заттармен, өнеркәсіптік, тұрмыстық және өзге де қалдықтармен ластануына, жердің басқа да ерекшеліктерінің өзгеруіне байланысты процесстердің дамуын;

табиғи мал азғындық алқаптарының өсімдік қабаты жай-күйінің өзгеруімен (өсімдіктердің құрамының, құрылымының және өнімділігінің, үлгілерінің, сапасының, өндірістік әлеуетінің химиялылығының және жұғымдылығының өзгеруімен), бүлінуі және қалпына келуі қарқынымен, улы химиялық элементтер мен радионуклеидтердің жинақталу деңгейімен, сондай-ақ олардың

антропогендік ауырлықтарға төзімділігі деңгейімен байланысты процестердің дамуын ;

өзендердің, теңіздердің, көлдердің шығанақтардың, су қоймаларының, лимандардың, гидротехникалық құрылыстардың жағалаулық шектерінің жай-күйін ;

жыралардың, қар көшкіндерінің, сел тасқындарының, жер сілкірудің, карстық , криогендік және басқа да құбылыстардың пайда болуынан туындаған процестердің дамуын ;

елді мекендер, мұнай және газ өндіру, су тазарту құрылыстары, көң сақтау орындары, қоқыс төгетін орындар, жанар-жағар май материалдары, тыңайтқыштар қоймалары, автокөлік тұрақтары улы өнеркәсіптік қалдықтар мен радиоактивті материалдарды көметін орындар, сондай-ақ басқа да өнеркәсіптік объектілердің жерінің жай-күйін жүйелі байқау құрайды.

17. Жер мониторингі :

жүйелі байқауларды, зерттеулерді, суретке түсірулерді, тексерулерді (қайтара тексерулерді және түзетулерді) орындау;

жердің жай-күйін талдауды және бағалауды жүргізу;
құнарлы жерлерге антропогенді әсер етуді реттеу жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу ;

уақыттың белгілі бір кезеңінде жердің сапалық жай-күйін болжауды әзірлеу;
жер туралы деректер банкін ұйымдастыру жөніндегі жұмыстар кіреді.

18. Жердің жай-күйін бағалау жүргізілген байқауларды (кезеңдік, маусымдық , тәуліктік) талдау; алынған көрсеткіштерді нормативтермен салыстырғандағы өзгерістердің бағытталуы мен интенсивтілігін зерттеу жолымен орындалады.

Жердің жай-күйінің көрсеткіштері белгілі бір кезеңге немесе мерзімге қатысты абсолютті де, салыстырмалы маңыздарда білдіріледі.

19. Жерлердің жай-күйін бағалаудың нәтижелері бойынша оларға өзгерістердің дамуының, әсіресе жағымсыз сипаты бар серпінін, бағытталуын және интенсивтілігінің сипаттайтын тақырыптық карталар, диаграммалар және кестелер қоса берілуі арқылы жедел мәліметтер, баяндамалар, ұсынымдар және ғылыми болжамдар жасалады.

V. Жер мониторингін жүргізуді ұйымдастыру және оның тәртібі

20. Мониторингті ұйымдастыру және жер алқаптарының, егістік жерлердің және жер учаскелерінің жай-күйі туралы мәліметтерді қалыптастыру топографиялық-геодезиялық, аэроғарыштық, картографиялық, жерге орналастыру, түгендеу, топырақтық, геоботаникалық және өзге де тексерулер

мен зерттеулерді жүргізумен, сондай-ақ жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуына тікелей байқауды және мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

21. Мониторинг жүргізу үшін қажетті жердің жай-күйі туралы мәліметтерді:

1) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың) жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетіне есептіден кейінгі жылдың 1 қарашасына дейін - жерді тақырыптық картаға түсіруді және олардың жай-күйін байқауды жүзеге асырушы азаматтар мен заңды тұлғалар;

2) Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне есептіден кейінгі жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей:

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі - топырақтың өндіріс қалдықтарымен, химиялық радиоактивті, биологиялық заттармен ластануы туралы;

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі - геологиялық ортаның жай-күйі туралы;

басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволар - төтенше сипаты бар ахуал пайда болған кезде жерлердің ластануының өзге де түрлері мен жай-күйі туралы тегін ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгерді- ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P 0 1 0 8 0 0 _

22. Жер учаскелерінің иелері мен жерді пайдаланушылар тікелей байқау кезінде алынған жер алқаптарының, егістіктердің, жер учаскелерінің жай-күйі туралы бастапқы деректерді жердің құрамында есепті кезеңде болған өзгерістер туралы есеппен бір уақытта аудандық жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгерді- ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P 0 1 0 8 0 0 _

23. Жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган ұсынылған деректерді қорытады және бар жерлердің саны, сапалық жай-күйі мен пайдаланылуы туралы есеппен бірге оларды аудандық атқарушы органға жолдайды.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P 0 1 0 8 0 0 _

24. Облыстың жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті ұсынылған деректерді, сондай-ақ жаңа суреттердің, тексерулердің, зерттеулердің материалдары бойынша алынған жер қорының жай-күйі туралы мәліметтерді қорытудың және бағалаудың нәтижелері бойынша облыстық атқарушы орган мен Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне жер, оның сапалық жай-күйі және пайдаланылуы туралы есептің құрамында облыстың аумақтарында жер мониторингін ұйымдастыру және жетілдіру

ж ө н і н д е

ұ с ы н ы с

ж о л д а й д ы .

25. Астана және Алматы қалаларының жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті Астана және Алматы қалаларының шеңберінде орналасқан жер учаскелері иелері мен жерді пайдаланушылардан, алынған деректерді қорытады және жер оның сапалық жай-күйі және пайдаланылуы туралы есептің құрамында оларды қалалық атқарушы орган мен Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне жолдайды.

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ өзгерді- ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P 0 1 0 8 0 0 _

26. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі алынған ұсыныстарды, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың тиісті салаларына басшылықты жүзеге асыратын мүдделі орталық атқарушы органдар ұсынған жердің жай-күйі туралы мәліметті қорытады және олардың негізінде республикада жер мониторингін жүргізудің бағдарламасын әзірлейді, жердің жай-күйін байқау пункттерінің аумақтық-аймақтық жүйелерін айқындайды.

27. Көрсетілген бағдарламалар мен байқау пункттерінің желілерін мемлекеттік басқарудың тиісті салаларына басшылықты жүзеге асыратын мүдделі орталық атқарушы органдармен келіскеннен кейін бұл құжаттарды, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі бекітеді.

28. Аймақта жағымсыз процестер пайда болған жағдайда Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын пайдалану жөніндегі комитеті жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша мониторинг жүргізу және аталмыш аймақта жердің жай-күйінің байқау пункттерінің желілерін орналастыру бағдарламалары бойынша осы Тәртіпке сәйкес бекітілетін ұсыныс енгізетін комиссия құрады.

29. Мониторингтің аумақтық-аймақтық желісі жердің жай-күйін байқаудың стационарлық және жартылай стационарлық пункттерін қамтиды.

Стационарлық байқау пункттері берілген толықтық пен дәлдік арқылы жердің жай-күйі туралы ақпараттарды жүйелі алып тұру үшін құрылады. Мұндай пункттерге стационарлық алаңдар өзекті учаскелер және полигондар жатады.

Жартылай стационарлық байқау пункттері (жартылай стационарлық алаң, бейін) жұмыстың нақты жағдайлары мен мақсатына қатысты ұйымдастырылады. Оларда байқау ара қашықтығы 36 5, 10 және одан көп жыл болатын мерзімдерде жүргізіледі.

30. Мониторингтің деңгейі байқау пункттерінде жүргізілетін жердің жай-күйін байқау бағдарламасымен айқындалады.

31. Жер мониторингі бірыңғай жіктегіштерді, кодтарды, бірлік жүйелерін, деректер мен нормативтік-техникалық базалардың стандарттық форматтарын, координаттар мен биіктіктердің мемлекеттік жүйесін қолдануға негізделген әртекті деректердің өзара үйлесімділігі принципі сақтала отырып жүргізіледі.

32. Жер мониторингі жөніндегі ақпараттарды алу үшін: қашықтықтан тексеріп-байқаудың (ғарыштық аппараттардың, жоғары ұшатын ұшақтардың, шағын авиацияның және басқаларының құралдарының көмегімен суретке түсіру және байқау);

жер үстіндегі суретке түсірудің (топырақтық, геоботаникалық және басқалары) және аумақтық-аймақтық желілер пункттеріндегі байқаулардың; қорлық деректердің (карталардың, картограммалардың, схемалардың, кестелік және басқа да материалдардың) материалдары пайдаланылады.

33. Ғарыштық алып жүрушілерден суретке түсіру мен байқау республикалық және аймақтық деңгейлерде жердің жай-күйінің сипатын алу үшін орындалады.

Аппаратураларды әуеде алып жүрушілердің көмегімен суретке түсіру және байқау жер мониторингінің жергілікті деңгейі үшін жүргізіледі.

Жер бетіндегі байқау зерттеу, тексеру және суретке түсіру стационарлық және жартылай стационарлық алаңдарды, өзекті учаскелерді, полигондарды және бейіндерді пайдалану арқылы жердің барлық санаттары бойынша жүргізіледі.

34. Олардың жүргізілуінің мерзімдері мен кезеңділігіне қарай жердің жай-күйін байқаудың мынадай:

базалық (жердің мониторингін жүргізуді бастау сәтіндегі байқау объектілерінің жай-күйін көрсететін бастапқы);

жедел (ағымдағы өзгерістерді көрсететін);

кезеңдік (бір жылдан кейін және одан көп) топтары жүзеге асырылады.

35. Жер мониторингінің нәтижелері қағазға да, ақпараттарды электрондық жинақтау, өңдеу және сақтау жүйелерін пайдалану арқылы да есептер, кестелер, карталар және картограммалар түрінде ресімделеді.

36. Жер мониторингі жөніндегі құжаттамалар базалық және есептік құжаттарды қамтиды.

Базалық құжаттарда аймақтық объектінің немесе жер учаскесінің бастапқы (фондық) жай-күйі көрсетіледі. Базалық құжаттарға жердің жай-күйінің бастапқы тақырыптың карталары, картографиялық материалдар және жердің сапалық жай-күйі туралы жиналған мәліметтер жатады.

Бірдейлендірілген нысандар, оларда жерлердің жай-күйінің белгіленген өзгеруі көрсетілген кестелер есептік құжаттар болып табылады.

37. Жердің мониторингі жөніндегі құжаттама мынадай талаптарға сәйкес келуі:

белгіленген үлгідегі бланктерде атқарылуы;

картографиялық материалдар жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген техникалық талаптарға сәйкес дайындалуы;

мемлекеттік құпияға жатқызылған жер учаскелерінің жоспарларында (сызбаларында) қамтылған мәлімет олардың құпиялылығын қамтамасыз ететін

белгіленген тәртіптерге сәйкес пайдаланылуы және сақталуы тиіс.

38. Жер мониторингі жөніндегі алынған ақпаратты жер ресурстарын басқару жөніндегі тиісті органдар қорытады және талдайды, олар автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің архивтері мен деректер банкінде жинақталады және сақталады.

VI. Жер мониторингі жөніндегі ақпараттарды пайдалану

39. Жер мониторингі жөніндегі ақпараттарды пайдаланушылар: аумақтардың дамуын жоспарлау, жерді аймақтау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу, қала құрылысы кадастры мәселелері, жер ресурстарын басқаруға байланысты басқа да мәселелер бойынша - мемлекеттік және жергілікті атқарушы және өкілді органдар; табиғи ресурстардың пайдаланылуына және қоршаған ортаның жай-күйіне, табиғат қорғау шараларын жасауға бақылау жүргізу мәселелері бойынша - мемлекеттік табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау органдары; өзге де заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 39-тармақ өзгерді- ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен. P 0 1 0 8 0 0 _

40. Мониторингтің ақпараттарын пайдалану қағазға немесе магниттік алып жүрушілерге стандартты ресімделген құжаттармен танысу және (немесе) оларды алу, сондай-ақ байланыстың техникалық телекоммуникациялық құралдарын қолдану арқылы деректер банкіне тікелей рұқсат етілген кіру нысанында жүзеге асырылады.

41. Жер мониторингінің ақпаратына кіру режимін бұзу немесе дұрыс емес ақпарат ұсыну қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.